

## Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитетінің мәселелері

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1108 Қаулысы. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1278 Қаулысымен

***Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1278 (қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.***

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

#### **1. Қоса беріліп отырған:**

- 1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитеті туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Атом энергетикасы комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитеті тәрағасының бір орынбасары болуына рұқсат етілсін.

#### **3. Мыналардың:**

1) "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Атом энергетикасы жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қыркүйектегі N 1442 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 41, 469-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қантардағы N 133 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2001 ж., N 3, 37-құжат) Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министри**

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

28

қазандары

N 1108

қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитеті туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитеті (бұдан әрі - Комитет) арнайы атқару, бақылау-қадағалау және іске асыру функцияларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету және атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды реттеу саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің ведомствоны болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының ядролық және радиациялық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін қадағалау болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі, егер оған заңнамаға сәйкес осындай уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуга құқылы.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында міндетті қүші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы: 480020, Алматы қаласы, Лиза Чайкина көшесі,

4.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитеті" мемлекеттік

## **м е к е м е с і .**

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Комитеттің функциялары мен құқықтары**

10. Комитет заңнамамен белгіленген тәртіппен мыналарды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін функциялар:

атом энергиясын қауіпсіз пайдалану саласында, оның ішінде, техногендік және табиғи тектегі иондаушы сәулелердің халық пен қоршаған ортаға ықтимал зиянды әсерінің алдын алу және оны азайту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

атом энергиясын пайдалану объектілері қауіпсіздігінің жай-күйі туралы есепті жасайды және оны Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне ұсынады;

ядролық объектілер мен қондырғылардың олардың жұмыс циклының барлық кезеңдеріндегі қауіпсіздігін негіздейтін материалдарды қарайды және келіседі;

ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз етумен және атом энергиясын қауіпсіз пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының басқа да ұйымдарының Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікпен (АТЭХАГ) және басқа да тиісті халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылын жүзеге асырады;

ядролық материалдар мен иондаушы сәуле көздерін есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйесінің жұмысын қамтамасыз етеді;

авариялық байланысты ұйымдастыруды жүзеге асырады;

өз құзыретіндегі мәселелер бойынша зерттеу және ғылыми жұмыстарды ұйымдастырауды;

2) мемлекеттік саясаттың іске асырылуын бақылауды қамтамасыз ететін функциялар:

атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызметті инспекциялайды;

Қазақстан Республикасының заңдық құзырындағы ядролық, радиоактивтік және арнаулы ядролық емес материалдарды, екі мақсатта пайдаланылатын материалдарды мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

ядролық, радиоактивтік және арнаулы ядролық емес материалдар, екі

мақсатта пайдаланылатын материалдар мен ядролық технологиялар, сондай-ақ атом энергиясын пайдалану саласындағы коммерциялық мақсаттағы беруді, сатуды не сатып алуды немесе коммерциялық емес сипаттағы беруді қамтитын басқа да тауарлар мен қызметтердің экспортты мен импорттына қатысты мәселелер бойынша бақылауды жүзеге асырады;

өз құзыреті шегінде атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызметтердің экспортты мен импорттына мемлекеттік бақылауды; атом энергиясын пайдалану объектілерінде аварияға қарсы жоспарлауды бақылауды, Қазақстан Республикасының аумағында ядролық және радиациялық қауіпсіздікті мемлекеттік қадағалауды, сондай-ақ ядролық материалдар мен қондырғыларды физикалық қорғаудың қамтамасыз етілуін қадағалауды қамтамасыз етеді;

тізбелері таратпаудың халықаралық режимдерімен белгіленетін ядролық материалдардың, технологиялардың, құрал-жабдықтардың, қондырғылардың, арнаулы ядролық емес материалдардың, өнімдердің, екі мақсатта пайдаланылатын құрал-жабдықтар мен технологиялардың, сондай-ақ радиоактивтік сәулелену және изотоптық өнім көздерінің атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызметтерінің экспортты мен импорттың бақылауды қамтамасыз етеді;

ведомстволық бағыныстырығы мен меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдалану саласындағы нормативтік және нормативтік құқықтық кесімдерді сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

өз құзыретінің шегінде лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады, өз құзыретіндегі мәселелер бойынша зерттеу және ғылыми жұмыстарды ұйымдастырады, мамандандырылған халықаралық ұйымдармен және басқа мемлекеттердің қадағалау органдарымен бірге аварияға қарсы жоспарлауды бақылауды және ядролық және радиациялық авариялар мен авариялық жағдайлар туралы жедел хабарлармен алмасуды жүзеге асырады;

ядролық материалдарды сақтау, тасымалдау мен пайдалану кезінде олардың физикалық қорғалуын, Қазақстан Республикасының аумағында ядролық және радиациялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін қадағалауды жүзеге асырады;

ядролық материалдардың мемлекеттік есебін жүргізеді;

атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызмет түрлерін лицензиялайды және өз құзыреті шегінде лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

## 11. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) атом энергиясын пайдалану объектілеріне және олардың қызметін сипаттайтын құжаттарға кедергісіз қол жеткізуге, сондай-ақ өлшеулер жүргізуге, сынама жасауға және алуға, тиісті аспаптар мен жабдықтарды орнатуға;

2) ұйымдар мен азаматтардан атом энергиясын пайдалану саласындағы

қызметті бақылау мен қадағалау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды қандай да болмасын шек қоюсыз сұратуға және алуға, Комитеттің құзыреті саласындағы қызметті, сондай-ақ Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді іске асыруды жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеуді жүргізуғе;

3) қызметкерлерге, халыққа немесе қоршаған ортаға тікелей қауіп төндіруге әкеп соғатын жағдайлар анықталған жағдайда заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызметтің тоқтата тұру немесе тоқтату тұралы мәселе қоюға;

4) атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнаманы бұзған тұлғаларды жауаптылыққа тарту мәселелері жөнінде тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуғе;

5) Қазақстан Республикасының атом энергиясын қауіпсіз пайдалану және ядролық қаруды таратпау режимінің шарттарын орындау саласындағы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуғе құқылы.

### **3. Комитеттің мүлкі**

12. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

13. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңнамада белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

### **4. Комитеттің қызметтің ұйымдастыру**

15. Комитетті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындейтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрі қызметке тағайындейтын және қызметтен босататын Комитет төрағасының орынбасарлары болады.

Комитет төрағасы орынбасарларының санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеуді.

16. Комитеттің төрағасы Комитет жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауаптылықта болады.

17. Комитеттің төрағасы осы мақсатта:

1) өз орынбасары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындауды;

2) заңнамаға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлерін көтермелей және

оларға тәртіптік шаралар қолдану туралы шешімдер қабылдайды;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де үйымдарда Комитетті білдіреді.

## **5. Комитеттің қайта үйымдастыру және тарату**

19. Комитеттің қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметтің ініц

2004 жылғы 28 қазандары

N 1108 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитетінің құрылымы**

Басшылық

Радиациялық және ядролық қауіпсіздік басқармасы  
Материалдарды бақылау бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК